

Жобаның атауы,ЖТН	AP14870889 – Қазақстанда жаһандық дағдыларды дамыту: бастауыш мектеп мұғалімдерінің тәжірибесін зерттеу
Іске асыру мерзімі	01.07.2022 – 31.12. 2024
Жобаның жетекшісі	Карабасова Лаура Чапаевна, білім беру саласындағы философия докторы (Ph.D)
Реферат	<p>Жобаның мақсаты жаһандық құзыреттіліктер мәселелері бойынша мұғалімдер мен болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің құзыреттіліктерін ғылыми зерттеу және негіздеу, олардың бастауыш мектепте тиімді қалыптасуы үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды анықтау. Жоба Ақтөбе облысының бастауыш мектеп мұғалімдері мен Батыс Қазақстан өңірінің болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің жаһандық құзыреттілігін дамытумен байланысты мәселелерді зерттеуге және олардың жаһандық дағдылар мен жаһандық азаматтық білім беруге қатысты мәселелерді қабылдауына, Ақтөбе облысының бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың жаһандық дағдыларын қалыптастырудағы шарттары мен қажеттіліктеріне бағытталған. Оқушы әрекеті нәтижелерінің дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға, сондай-ақ топтық жұмыстың нәтижелі нысандарын пайдалануға бағытталған оқу үдерісінің бағдарын анықтау үшін бастауыш мектепте сабақтарға бақылау жүргізілетін болады. Сауалнама, бақылау және интервью нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың өнімділігін қамтамасыз ету және бастауыш мектепте жаһандық дағдыларды тиімді қалыптастыру үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды айқындау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу үшін пайдаланылатын болады. Деректер жиынтығы қызмет етуші және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жаһандық құзыреттілік пен жаһандық азаматтыққа қатысты білімінің, дағдыларының, көзқарасының, мінез-құлқының бейнесін ұсынады. Зерттеу нәтижелері білім беру бағдарламаларын әзірлеушілерге жаһандық дағдылардың кейбір негізгі аспектілері туралы пайдалы ақпаратпен қамтамасыз етіп, олардың оқу бағдарламаларына интеграциялануына ықпал ету үшін Қазақстандағы жаһандық азаматтық рухындағы білім беру жағдайы туралы түсінік береді. Бұл нәтижелер жаһандық азаматтықты халықаралық салыстырмалы зерттеу үшін құнды ресурс болады. Сонымен қатар, деректерді терең талдау студенттердің 21 ғасырдағы білім мен дағдыларды игеруіне әсер ететін ықтимал факторларды анықтай алады. Олардың міндеті - білім беру ортасының нақты жағдайлары мен ерекшеліктерін ескере отырып, ғылым мен озық тәжірибенің жетістіктеріне негізделген оқушылардың жаһандық құзыреттіліктерін дамытуға қатысты ең тиімді және ұтымды нұсқаларды ұсыну. Ғылыми жобаның ұйымдастырушылық, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етілуі жобаны әзірлеушілердің жоғары ғылыми және ұйымдастырушылық әлеуетімен, білім және ғылым саласындағы әзірлемелермен</p>

	және қойылған мәселе бойынша мақалалардың болуымен құрылатын болады.
Мақсаты	Қызметтегі бастауыш сынып мұғалімдері мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жаһандық құзыреттілікке қатысты құзыреттілігін ғылыми зерттеу мен негіздеу және оларды тиімді қалыптастыру үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды анықтау.
Күтілетін нәтижелер	<p>1. Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) немесе 2 (екінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 65 (алпыс бес) процентілі бар халықаралық перспективада және контексте педагогикалық білім беру проблемаларын жариялауға маманданған халықаралық журналда 2 (екі) мақала немесе шолу мақаласы жарияланады.</p> <p>2. Білім беру үдерісінде және бастауыш мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыруда жаһандық құзыреттілікті тиімді енгізу және қалыптастыру үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу білім беру саласындағы саясатты әзірлеушілер болып табылатын (ҚР БҒМ), ҚР ғылыми – педагогикалық орталығына (Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы), біліктілікті арттыру ұлттық орталығына («Өрлеу «БАҰО» АҚ) және жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептердің әкімшіліктеріне қосалқы материал ретінде жасақталады.</p> <p>3. Енгізу актілері, ғылым туындыларына авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы авторлық куәліктер (ғылыми жарияланымдар, әдістемелік ұсынымдар) ресімделетін болады.</p> <p>4. Зерттеу нәтижелерін әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қауымдастығы және жалпы жұртшылық арасында тарату және жариялау мақсатында халықаралық конференцияларда баяндамалар оқылатын болады.</p> <p>5. Жоба нәтижелерін қорытындылау үшін «Білім беру және жаһандану: 21 ғасырдың дағдыларын қалыптастырудың өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстел өткізіледі. Дөңгелек үстелді өткізудің негізгі мақсаты тәжірибе алмасу, зерттелетін мәселедегі олқылықтарды жою, зерттеу нәтижелерін тарату, Ақтөбе облысының бастауыш сынып мұғалімдерінің және Батыс Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерінің бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі біліктілігімен жаһандық құзыреттіліктерін дамыту мәселелерін, перспективалары мен мүмкіндіктерін жариялау, жаһандық құзыреттіліктерді дамыту үшін жағдайлар жасау болып табылады.</p> <p>6. Білім беру үдерісінде жаһандық құзыреттерді тиімді енгізуге және қалыптастыруға ықпал ететін «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған элективті пән әзірленетін болады.</p>
Зерттеу тобы	<i>Жоба жетекшісі:</i> Карабасова Лаура Чапаевна, білім беру саласындағы философия докторы (Ph.D), h-index = 4, (Scopus Author ID – 57204819780, ORCID 0000-0002-9053-457X, Web

	<p>of Science Researcher ID – D-3278-2019) https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57204819780</p> <p><i>Жетекші ғылыми кеңесші:</i> Керри Джон Кеннеди, философия докторы (Ph.D), Гонконг білім беру университетінің (The Education University of Hong Kong құрметті профессоры (Emeritus Professor)) h-index – 19 (Scopus ID: 10639197000 ORCID: 0000-0003-1332- 3004) https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=10639197000</p> <p><i>Бірлескен жоба жетекшісі:</i> Ғафу Гүлжанат Ғафуқызы – постдокторант Назарбаев Университет; білім беру саласындағы философия докторы (Ph.D) (ORCID: 0000-0003-3625-5745)</p> <p><i>Ғылыми кеңесші:</i> Сармурзин Ербол Жанбырбаевич –, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік ғылымдар факультетінің докторанты, h-index = 1 (Scopus Author ID – 57257307700, ORCID ID – 0000-0003-3142- 0545, Web of Science Researcher ID – 0113-2021) https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57257307700</p> <p><i>Ғылыми қызметкер:</i> Уркунова Анара Сериковна – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты, ББ: Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі (Web of Science Researcher ID - HJB-1253-2022, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8094-1649)</p> <p><i>Научный сотрудник:</i> Рыспаева Дана Байзулақызы – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты, ББ: Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі (Web of Science Researcher ID - AGC-9548-2022, ORCID ID - 0000-0003-3785- 4256)</p>
<p>Ғылыми басылымдардағы жарияланымдары</p>	<p>-</p>